

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 58-61.

ӘОЖ 9.929

ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДЕГІ ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ЕҢБЕГІ

*Өткелбаев Е., 1 курс студенті,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана қ.*

Тарихи тұрғыдан ел, халық үшін орасан зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың «тұлға» деген бағаны беріп отырған. Қазақ тарихының белесінде осындай орасан зор халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласқан немесе осы тарихи оқиғаларды басқарған ұйымдастырушы болған, немесе асқан ерлік көрсеткен азаматтар - тарихи тұлғаға айналып отырған. Қазақ ұлтының бағына, тағдырына орай әр ғасырда тарихи тұлғалы перзенттері дүниегекеліп отырған. Тарихымызда, мәдениетімізде тұғырлы орны бар тұлғаларымыз мәңгі өшпей қала бермек.

Кеңес дәуірінде қазақ мәдениеті мен руханиятына ұлы төңкеріс жасаған белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің есімі көпке мәлім. Дегенмен, ол кісінің қазақтың салт-дәстүрі мен ұлттық мәдениетін, халқымыздың жоғалған құндылықтарын қайта жаңғырту жолында қандай жанкештілікке барғанын біле бермейміз.

Өзбекәлі Жәнібеков - Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі жарқын да айрықша тұлғалардың бірі. Оның белсене қатысуымен күрделі өтпелі кезеңде өзіндік ерекшелікке бай ұлттық мәдениеттің дәуірлеуі мен дамуының негізгі бағыттары, ұлт және тіл саясатының ұлтаралық келісім мен азаматтық түсіністікті нығайтудың принципті қағидалары талдап жасалынды. Ол бұрынғы қайраткерлерге қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің, Қазақстан тарихындағы ақтаңдақтарды жоюдың бастамашыларының бірі, халықтық дәстүрлерді түлетіп, қоғам өмірінде жоғары руханият пен адамгершілікті орнықтырудың жақтаушысы болды [1].

1985 жылы Қазақстанда 25 мыңға жуық археологиялық тарихи-сәулеткерлік ескерткіштердің бар екені белгілі болды. 150 мыңға жуық қол өнерінің үздік туындылары, зергерлік заттар, үй жиһаздарына қажетті бұйымдар музей қорына шоғырландырылған еді. Мұның өзі халқымыздың өткендегі рухани өмірі мен заттық өндірісінің бірден-бір көрінісі ретінде оның тарихын, тұрмыс-салтын, эстетикалық идеяларын танып-білуге мүмкіндік беретін.

Ата-баба мұрасын есепке алу, қорғау және қалпына келтіру ісіне тікелей араласу үшін Мәдениет министрлігіне ең алдымен мұндай мәселелермен шұғылданатын құрылымдық жүйе жасап алу қажет еді. Сондықтан бұрынғы кішігірім шеберхананың орнына «Казреставрация» бірлестігі, оның жобалау-сметалау тобының негізінде жобалау-конструкторлық институты құрылды. Бірқатар облыстарда ғылыми реставрациялық шеберханалар ашылды. Олардың қызметін қолдау мақсатымен үкімет қалпына келтіру және жөндеу жұмыстарына тікелей жұмсалатын қаражаттың 30 пайызы мөлшерінде қосымша шығын, өзіндік құнының 10 пайызы шеберханалардың заттық-техникалық базасын дамыту үшін арнайы бөлінетін қаржы белгіленді. Қалыптасқан тәртіптен жобалаушы сәулеткерлер ұқсатушы шіліңгірлер даярлау ісі қолға алына бастады. Алтынмен аптау, екі қабат ағаш шекпесін, олардың әдістерін игеру, жазықтықты әрлеп-әшекейлеуге машықтану Қазақ ССР Ғылым Академиясының, ішкі декорын қалыпқа келтіруге Оралдағы шіркеудің күмбезіне алтын жалатуға т.б. мәдени мұраларды безендіруге мүмкіндік береді [2].

Мәскеуден, Бакуден, Ереваннан т.б. орталық қалалардан шақырылған мамандардың қатысуымен Алматыда тұңғыш рет шекілген, металдан соғылған, теріден тігілген, тозығы жеткен қағаз құжаттарды қайта ұқсататындармен бір айлық дәріс-семинар өткізілді. Өзін көрсете білгендерге арнайы куәліктер тапсырылды.

Осы саладағы алғашқы ізденістердің сәтті болуына дәстүрлі өнердің музей қорындағы нұсқаларын қайта ұқсатумен немесе жаңа экспозициялар түзумен ғана емес, заттық тұрмыстық мәдениет ескерткіштерін қорғау және кәдеге жарату жағын қарастыратын «Казмузейреставрация» шеберханасының ұйымдастырылуы себепкер болды. Сол жылдары Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерінің 10 томдық жинағын шығаруға қам жасала бастады. Осылайша тарихи және мәдени мұраны мемлекеттік есепке алуға, мүмкіндігінше қайта қалпына келтіруге тікелей бетбұрыс жасады. 1977 жылмен салыстырғанда 1981 жылға қарай ғылыми зерттеу, жобалау және қайта қалпына келтіру жұмыстарының көлемі 300 мың сомнан 3,5 млн сомға дейін өсті. Сол жылы белгіленген мөлшер 113 пайызға дейін өсті [3].

Ең бастысы қайта қалпына келтіру жұмыстарына машықталған Қазақстанның өз мамандары өсіп жетіле бастады.

Жетпісінші жылдары ұланғайыр кеңістікте орналасқан көне заманғы ескерткіштерді есепке алу, қорғау және қалпына келтіру мәселелері 2 рет үкіметке, бір рет Орталық комитетте қаралып, Қазақстанның 10 облысында ұқсату жұмыстары кеңінен қанат жая бастады. Мұның себебі – Қазақстанда сақталған ескерткіштердің барлығы дерлік ғылыми тұрғыдан зерттей түсуді, басым көпшілігі құрылымын мығымдауды және қалпына келтіру жұмыстарын шұғыл түрде қолға алуды талап ететінінде еді. Ал сәулеткерліктегі біркелкілік шектен тыс қарқынмен өріс алған тарихи қалалардың орталықтарындағы, ескі құрылыстардың тынысы тарыла

бастаған болатын. Тың және тынайған жерлерді кеңінен игеру, далалық жерлердегі индустриялық құрылыс ескерткіштерді сақтап қалу мәселелерін шиеленістіре түскен еді.

1978 жылы көп жылдардан бері бірінші рет Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» қорындағы Ахмет Иассауи сәулет ғимараты, басқа да ескерткіштерді қалпына келтірудің кешендік жоспары жасалып, іске асырыла бастады [4].

Ең алдымен «Союзреставрация» бірлестігі мен Кентаудағы «Аяполиметалл» комбинатының қатысуымен құрылыстың ауытқи бастағанын, опырылып қалу қаупі төнген бөліктері – Бас портал мен мешіт мығымдалды. Бұл оларды қайта жөндеуден өткізуге ХІУ ғасырдың құрылыс ағаштарын ұқсатуға, ғылыминегізде жасалған жобамен үлкен күмбез қайта ұқсатылды.

Бұлардан басқа Есімхан кесенесі, шілдехана ғұрыптық орны, қамал қорғанының шығыс бөлігі қалпына келтірілді. Рәбиға Сұлтан Бегім күмбезі қайта тұрғызыла бастады. Шымкенттегі Ғани Мұратбаев ескерткішін орнату оңайға түскен жоқ.

Жәнібеков атақты мәскеулік мүсінші Давид Шумиловичпен арнайы кездесіп, қолына Ғани Мұратбаевтың суретін ұстатып, ескерткішін жасауды тапсырады. «Ескерткіш елдіктің белгісі, жастарымыздың рухын көтереді. Онда үлкен ән бар», - деді. Бейне Кіндік Азия республикаларының жастар делегацияларының қатысуымен салтанатты түрде ашылды.

Қазақ киімі құлазыған кең даланың үскірік аязы мен аптап ыстығының, салқын самалы мен аңызак желінің әсерімен қалыптасқан, бар өмірі көлік үстінде өткен. Сарыарқа мен оған іргелес жатқан ұлан-ғайыр кеңістікке көшіп-қонған малшы қауымның, таңның атысы мен күннің батысына дейін тізе бүкпей «жер шұқылап», мал ұстап күн кешкен Сыр бойындағы, Қазақстанның оңтүстігі мен Талас-Шу атырабындағы жартылай отырықшы және отырықшы елдің ғасырлар бойы реттеуге көне қоймаған тұйық шаруашылығы мен қарабайыр тіршілігі қалыптастырған заттық-тұрмыстық мәдениеттің бірден-бір көрінісі болатын, өзінің қарапайымдылығымен, үйлесімділігімен, жүріп-тұруға ыңғайлылығымен ерекше.

Қазақы киім өзіне тән ерекшеліктерін сақтап, бізге жеткен заттық-тұрмыстық мәдениеттің бірден-бір көрінісі. Қазақтың киім-кешегінен халықтың өткендегі өндіргіш күштерінің деңгейін, шаруашылығының даму үрдісін, тіптен меніреу табиғаттың әсерін, сол сияқты көрші елдердің ықпалын аңғаруға блады.

Қазақ киімі – көненің көзі. Оның әсіресе халқымыздың сезімталдығын аңғартатын, аса зор эстетикалық талғамын аңғартатын қарқара, мұрақ, айырқалпақ, қасаба секілді зерделі – кестелі бас киімдердің, бұрын бір атырап елдің, кішігірім бір рудың ортақ мұрасы ретінде, қыз ұзатып, келін түсіргенде ғана басны киетін, кәдесіне лағыл, жақұт, інжу, маржан, ақық секілді бағалы тастар алтын-күміс шытыралар жаратылған сияқты, тіптен кемер белбеу, кісе белдік, қыздар буынатын ширатпалы нәзік белдік, күмістеген таптаурын кебіс, көксауыр етік секілді, қолөнердегі мүлтіксіздіктің шегінен көрінетін заттардың, алтынмен аптап, күміспен

күптеп безендірілген алқа, шолпы, бойтұмар, сырға, білезік, сақина , жүзіктердің болғаны әсемдікке құштарлығын көрсетеді. Мұның өзі қазақы киімнің табиғатындағы екі жақтылықты – тұрмыс қажеті мен сымбатты болу қамын аңғартатын жәйт.

Қазақы киімді қастерлеу әрі құрмет тұту елдің өскелең өмірін аңғартады. Оның қазақтану ісінде де, халқымыздың мәдени-тарихи өмірінде де елеулі орын алатыны сөзсіз. Өйткені қазақ киімі – ұрпақтан ұрпаққа алмасып келе жатқан, елдің ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан, елдің ғасырлар бойы қалыптасқан сезімталдық талғамын, сәндікке, үйлесім бірлігіне, көркемдікке ұмтылған жасампаздығы мен шығармашылығының жетістіктерін бойына сіңірген құбылыс.

1979 жылы Мәскеуде «Костюм народов средней Азии» деген кітап басылып шығада да, онда қасаба атты бас киімнің қазақта болғандығы туралы айтылады. Бұл Өзбекәлі Жәнібековтың ізденістеріне демеу беріп, жігерлендіре түсті. Сонымен қатар белгілі суретші Төлеу Бәсеновтың еңбегінде жарияланған Бөкей Ордасының ханы Жәңгірдің зайыбы Фатиманың фотосуретінде ханшаның басына кигені – қасаба болатын. Фатима ханшаның үстіне киген киімі қасабасымен қоса музей қорында сақтаулы [5].

Кейін сәукеле шығып, қасаба кейбір елді мекендерде ғана қолданылған. XIX ғасырдың аяғына қарай сәукеле де, қасаба да бірте-бірте тұрмыстан шығып қалған. Әйтсе де олардың қайсыбір нұсқалары бай әулеттерде сақталып, ғұрыптық бас киімдерге айналғандықтан, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келген. Оларды ұзатылған кезде түсірілген келінге киелі бас киім ретінде кезектесе кигізетін әдет осылай пайда болған.

Менің қазақ киімдерінің ішінде қасабаға көбірек көңіл бөліп отырған себебім, осындай тамаша мәні зор киім үлгісі ұмытылған. Оның мұражайларда сақталған нұсқаларына қарай отырып, оны әрі қарай көбейтіп, күнделікті өмірімізге енгізіп, ұлттық мақтанышымызға айналдыру ұсынысын айтқымыз келеді. Қазақ бас киімінің керемет нұсқасы қасабаның қайта өңделіп дүниеге келуі Өзбекәлі Жәнібековтың есімімен байланысты болды. Бұл оның этнография саласында қалдырған өшпес ізі болатын.

Жетекшісі - Абдильдина Б.С.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жәнібеков, Ө. (1992). *Уақыт керуені*. Алматы: Жазушы.
- 2 Жәнібеков, Ө. (1982). *Қазақтың қолөнері*. Алматы: Өнер.
- 3 Жәнібеков, Ө. (1996). *Тағдыр тағылымы*. 1 кітап. Алматы: Рауан.
- 4 Қабышұлы, Ғ. (2016). *Қазақтың бекзат перзенті – Өзбекәлі Жәнібеков*. qazaquni.kz.
- 5 Bashirov, N., Kamzabekuly, D., Daribayev, S., Sutzhanov, S., Omarova, S. (2024). Intelligence of Kazakh: Idea of national liberation in literary works of

Alash figures (XIX-XX). *Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys*, 55,1290-1297.
DOI: 10.54919/physics/55.2024.129ky0.

6 Алаш миссиясының мұрагері – Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 90 жыл
[//https://www.inform.kz/kz/alash-missiyasynyn-murageri-ozbekali-zhanibekovtin-tuganyna-90-zhyl_a3829462](https://www.inform.kz/kz/alash-missiyasynyn-murageri-ozbekali-zhanibekovtin-tuganyna-90-zhyl_a3829462).